

## **Бұқар жырау ауылдық округіндегі көшелерді қайта атау туралы**

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Бұқар жырау ауылдық округінің әкімінің 2016 жылғы 16 маусымдағы № 3 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 4 шілдеде № 3885 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабы 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Бұқар жырау ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бұқар жырау ауылындағы Юбилейная көшесінің атауы – Сарыжайлау көшесі болып, Бұқар жырау ауылындағы Центральная көшесінің атауы – Достық көшесі болып, Бұқар жырау ауылындағы Школьная көшесінің атауы – Әшім Жапаров көшесі болып, Бұқар жырау ауылындағы Степная көшесінің атауы – Желтоқсан көшесі болып, Шалқар ауылындағы Верхняя көшесінің атауы – Жыланды көшесі болып, Шалқар ауылындағы Нижняя көшесінің атауы –Болашақ көшесі болып, Семізбұғы ауылындағы Горная көшесінің атауы – Кентау көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бұқар жырау ауылдық округінің әкімі*

*Е. Узденов*